

ЕУРОПАЛЫҚ ЖАСТАР ҚОРЫ

Жастарды және жастардың
ұйымдарын қолдау



ЕЖҚ адам құқықтары мен түбегейлі бостандықтарын құрметтеу жолында Еуропа мен дүние жүзі жастарының арасында бейбітшілікті, түсіністік пен ынтымақтастықты насихаттайтын еуропалық іс-шараларға қаржылық көмек көрсете отырып, жастардың ынтымақтастығын қолдайды.



COUNCIL OF EUROPE



CONSEIL DE L'EUROPE



ЕУРОПА КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Еуропа Кеңесі Еуропа континентінде адам құқықтарын, демократияны және құқық үстемдігін қолдауды мақсат етеді. Ол 1949 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың сұрапылынан кейін пайда болды және Еуропаның ең көне саяси ұйымы болып табылады. Қазіргі таңда оның құрамына 46 мүше мемлекет кіреді.

ЖАСТАР СЕКТОРЫНЫҢ МҰРАТЫ

Жастар секторының мұраты – «Еуропа Кеңесінің негізгі құндылықтарын жастардың бүкіл Еуропада белсенді қолдауына, қорғауына, ілгерілетуі мен пайдасын көруіне мүмкіндік беру».

Ол мұны жастар саясаты, адам құқықтары мен демократияға қатысты кәсіби дайындау және білім беру бағдарламалары, науқандар мен ынтымақтастық жобалары, ғылыми зерттеулерді дамыту және жастар ұйымдарының жобаларын қолдау мәселелері бойынша үкіметаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырады.

ЖАСТАР СЕКТОРЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

- ▶ **плюралистік демократияны жандандыру**, демократиялық азаматтықты, қатысу саясаттарын насихаттау, қатысуға кедергі жасайтын тосқауылдарды жою;
- ▶ **жастардың құқықтарға қол жеткізуі**, Еуропа Кеңесінің осы саладағы стандарттарын жүзеге асыруда қолдау көрсету, адам құқықтары бойынша білім беру ісін ілгерілету;
- ▶ **бейбіт және инклюзивті қоғамдарда бірге өмір сүру**, кемсітушілікке, зорлық-зомбылыққа және шеттетуге қарсы күресу және еуропалық бірлікті, жаһандық ынтымақты, бейбітшілікті, сан алуандықты, мәдениетаралық және ұрпақаралық сұхбатты, сондай-ақ экологиялық жағдайдың тұрақтылығын сақтауды насихаттау;
- ▶ **жастардың жұмысы, жастардың жұмысын күшейту**, мойындау және ілгерілету, оның сапасын жақсарту, сондай-ақ жастардың жұмысының қолжетімділігі мен тартымдылығын арттыру.

(Жастар секторының 2030 жылға дейінгі стратегиясы)

Еуропа Кеңесінің жастар секторында жастар ұйымдарының өкілдері жастардың басымдықтары, бағдарламалары мен саясаттары бойынша үкімет өкілдерімен бірге тең құқылы серіктестер ретінде шешімдер қабылдайды.



ЕУРОПАЛЫҚ ЖАСТАР ҚОРЫ

ЕЖҚ ұйымы Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттердің және Еуропалық мәдени конвенцияға қатысушы мемлекеттердің жастарымен бірлестікте жастар тарапынан, жастармен бірге және жастар үшін әзірленген жастар ұйымдарының жастар бойынша жобаларына қаржыландыру мен білім беру жағынан қолдау көрсетеді.

Еуропалық жастар қоры (ЕЖҚ) – Еуропа Кеңесі 1972 жылы құрған қор.

ЕЖҚ-ның басшылыққа алатын қағидаттары:

ЖАСТАР ТАРАПЫНАН, ЖАСТАРМЕН БІРГЕ және ЖАСТАР ҮШІН

ЕЖҚ БОЙЫНША ҚЫСҚАША ШОЛУ

- ▶ Еуропадағы жастар ісі бойынша жұмысқа, жастардың жұмысына және жастар ұйымдарына қолдау көрсететін қор
- ▶ Еуропа Кеңесінің жастар секторының құндылықтары мен басымдықтарын насихаттауға арналған құрал
- ▶ жергілікті, ұлттық және халықаралық үкіметтік емес жастар ұйымдары мен бірлескен жұмыс желілерінің азаматтық қоғамды нығайту жолындағы серіктесі.

ЖЫЛ САЙЫН

- ▶ ЕЖҚ 200-ге жуық жастар жобасына қолдау жасайды
- ▶ ЕЖҚ қаржыландырған жобаларға шамамен 15 000 жас адам қатысқан
- ▶ ЕЖҚ жастардың үкіметтік емес ұйымдарына гранттар түрінде 3,5 миллион еуроға жуық қаражат бөледі.

ЕЖҚ Францияның Страсбург қаласында жұмыс істейді, ал оның кеңселері Еуропалық жастар орталығында орналасқан. ЕЖҚ Демократия жөніндегі директораттың Жастар ісі жөніндегі департаментінің құрамына кіреді. Оның жұмыс тілдері ағылшын және француз тілдері болып табылады.



ЕЖҚ НЕНІ ҚОЛДАЙДЫ?

- ▶ Жастар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтуға, өзара іс-қимылды, тәжірибе алмасуды және өзара қолдауды көтермелеуге бағытталған қызмет
- ▶ Еуропа Кеңесінің жастар секторының құндылықтарына, қағидаттары мен басымдықтарына сәйкес іске асырылатын жастар жобалары
- ▶ Сан алуан жұмыстар, соның ішінде қоғамның хабардарлығын арттыру науқандары, әлеуетті дамыту жұмыстары, зерттеу, онлайн құралдар және білім беру бойынша немесе ақпараттық материалдар.

ЕЖҚ төмендегідей жобаларды қолдайды:

- ▶ бірінші кезекте 15 пен 30 жас аралығындағы жастар қатыстырылатын;
- ▶ жастардың мұқтаждықтары мен көкейкесті тілектерін негізге алатын;
- ▶ еуропалық өлшемдерге негізделетін;
- ▶ бейресми білім беру тәсілдемесі қолданылатын;
- ▶ гендерлік теңдікті және қоғамнан шеттеп кеткен топтарды назарға алатын.

ЕЖҚ ТӨМЕНДЕГІЛЕРДІ ҚОЛДАМАЙДЫ

Коммерциялық жобалар, құрылтай жиналыстары, гуманитарлық көмек, спорттық іс-шаралар, құрылыс жұмыстары, туризм немесе арнайы ғылымдар сияқты қызмет түрлері.

ЕЖҚ ГРАНТТАРЫН АЛУҒА КІМ ӨТІНІМ БЕРЕ АЛАДЫ?

Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттердегі және Еуропалық мәдени конвенцияға қатысушы мемлекеттердегі жастардың үкіметтік емес ұйымдары:

- ▶ жастардың ұлттық немесе жергілікті үкіметтік емес ұйымдары;
- ▶ жастардың кем дегенде жеті елдегі халықаралық үкіметтік емес ұйымдары;
- ▶ жастардың кем дегенде жеті елдегі үкіметтік емес ұйымдарының халықаралық бірлескен жұмыс желілері;
- ▶ жастардың 4-6 елдегі үкіметтік емес ұйымдарының аймақтық бірлескен жұмыс желілері.

Өтінім беретін ұйымдар:

- ▶ коммерциялық емес және үкіметтік емес болуға;
- ▶ өзінің жеке жарғысы болуға;
- ▶ жастардың жетекшілігінде: 15-30 жастағы жас адамдар тарапынан және солар үшін жүргізілетін болуға;
- ▶ Еуропа Кеңесінің құндылықтары мен қағидаттарына сәйкес жұмыс істеуге тиіс.



ЕЖҚ ГРАНТТАРЫ

ЕЖҚ гранттардың төрт түрін береді:

- ▶ жастардың алдынан шығатын түйінді мәселелерді шешуге және олардың мұқтаждықтарын жергілікті деңгейде қанағаттандыруға бағытталған жергілікті немесе ұлттық жобаларға (эксперименттік жұмыстар) берілетін гранттар;
- ▶ халықаралық жұмыстарға берілетін гранттар. Бұл – нақты еуропалық өлшемі бар жас адамдардың немесе жастардың көсемдерінің жиналыстары;
- ▶ жастардың халықаралық үкіметтік емес ұйымдары мен бірлескен жұмыс желілерінің жыл сайынғы жұмыс жоспарларын (бірінен кейі бірі келетін және өзара байланысқан іс-шаралар жиынтығын) қолдау мақсатында оларға жыл ішінде берілетін гранттар;
- ▶ жастардың халықаралық үкіметтік емес ұйымдары мен бірлескен жұмыс желілеріне жалпы әкімшілік шығыстарын өтеу үшін берілетін құрылымдық гранттар.

ЕЖҚ-ның БІЛІМ БЕРУ ІСІН ҚОЛДАУЫ

ЕЖҚ төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- ▶ жастардың үкіметтік емес ұйымдарының жобалар бойынша ұсыныстарын нақтылау мен жақсарту үшін оларға кеңес беру;
- ▶ жастардың үкіметтік емес ұйымдарының жобаларының сапасын арттыру мақсатында оларға білім алу мен әлеуетін нығайту тұрғысынан қолдау көрсету;
- ▶ **бенефициарлар мен серіктестерді жұмыстың барысы туралы хабардар етуге арналған ақпараттық сессиялар;**
- ▶ жастардың жобаларының сапасын арттыруға арналған құралдар.

ЕЖҚ ГРАНТТАРЫНА ӨТІНІМДІ ҚАЛАЙ БЕРУ КЕРЕК – ҚАДАМДАР

1. ЕЖҚ-ға тіркелу: тіркелу туралы өтінішті ЕЖҚ онлайн-жүйесіне (fej.coe.int) жіберу.
2. Белгіленген мерзімдерде грант алу туралы өтінімді онлайн режимде жіберу.
3. Жіберілген өтінімді бағалау. Бағалау барысында өтінім берушінің үкіметтік емес ұйымының ұсынысын нақтылау үшін онымен хабарласу керек болуы мүмкін.
4. Жастардың үкіметтік емес сегіз ұйымы және үкіметтің сегіз өкілі қалыптастырған жастар секторының бірлесіп басқарылатын заңды органы Жастар ісі бойынша бағдарламалау комитетінің өтінім бойынша шешімі.

ЕУРОПАЛЫҚ ЖАСТАР ҚОРЫ

Council of Europe
30, rue Pierre de Coubertin
F-67000 Strasbourg, France
+33 3 88 41 20 19
eyf@coe.int
<http://eyf.coe.int>
www.coe.int/en/web/youth/youth-strategy-2030

Бізге жазылыңыз: 

KAZ

www.coe.int

Еуропалық Кеңес – континенттің жетекші құқық қорғау ұйымы. Оның құрамына 46 мүше мемлекет, соның ішінде Еуропа Одағының барлық мүшелері кіреді. Еуропалық Кеңеске мүше барлық мемлекеттер Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияға – адам құқықтарын, демократияны және заңның үстемдігін қорғауға арналған шартқа қол қойды. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот Конвенцияның мүше мемлекеттерде жүзеге асырылуын қадағалайды.

